

Ақсуат ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Абай облысы Ақсуат ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 14 ақпандағы № 60 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 17 сәуірде № 257-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес, Ақсуат ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесі жаңа редакцияда - Абай облысы Ақсуат ауданы әкімдігінің 27.12.2024 № 503 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ақсуат ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. "Абай облысы Ақсуат ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;
2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Ақсуат ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсуат ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсуат ауданының әкімі

А. Смаилов

Ақсуат ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 14 ақпандағы
№ 60 қаулысына
қосымша

Ақсуат ауданы аумағында стационарлық емес сауда объектілерін жүзеге асыруға арналған орындары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы Ақсуат ауданы әкімдігінің 27.12.2024 № 503 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Нақты орналасқан жері	Алып отырған алаңы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	Қызмет саласы	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)
1.	Ақсуат ауылы, Байыс баба көшесі № 7 орналасқан "Сұлтан" қоғамдық тамақтану орынына қарама-қарсы	100	5	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары	"Қарақат", "Динара", Дамир", "Ақерке" сауда дүкендері
2.	Ақсуат ауылы, Сейфуллин көшесінде орналасқан "Ырғызбай Досханаұлы" атындағы орталық стадионның сол жағында	80	5	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары	"Өсел" сауда дүкені
3.	Құмкөл ауылы, Қабанбай көшесі №17 орналасқан "Айтолқын" сауда дүкеніне қарама-қарсы	100	5	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары	"Айтолқын", "Ерасыл" сауда дүкендері
4.	Ойшілік ауылы, Қабанбай көшесінде орналасқан №39 ғиамаратқа қарама-қарсы	100	5	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары	"Инабат" сауда дүкені